2021-2022 оқу жылында «Лекер жалпы негізгі білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш білім берудің, негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (2020 жылғы 05 мамырдағы № 182 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) негізінде құрылды. Оқу процесі келесі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүргізілді:

✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 с.ж. № 557 бұйрығы);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 20 тамыздағы № 415 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2021 жылғы 26 наурыздағы № 125 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2019 жылғы 15 мамырға № 205 енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен).

2021-2022 оқу жылында мемлекеттік тілде оқитын 1 сыныптар үшін «Әліппе» пәні енгізілді.

1-4 сыныптарда "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсы міндетті түрде оқу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты құрайтын 1-3 – сыныптарда, бастауыш сынып мұғалімдері 4-сыныпта 10 сағатты құрайды.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4 сыныптарда – әр сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жүзеге асырады. "ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығымен (14-тармақ) бастауыш мектептегі "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар" пәнінің атауы "Цифрлық сауаттылыққа" өзгертілді. Пәннің мазмұны мен оқу жүктемесі өзгерген жоқ. "Цифрлық сауаттылық" пәнін оқу "ҚР Білім және ғылым министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығына (2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 (188-2К қосымша) және 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 (4-қосымша) бұйрықтарға өзгерістер енгізілді) сәйкес жүзеге асырылады. 2021-2022 оқу жылында "Цифрлық сауаттылық" оқу пәні 1-сыныпта 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіледі.

5-9-сыныптардағы "Өмір қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұны дене шынықтыру мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 15 сағаттан тұратын "дене шынықтыру" оқу курсы аясында жүзеге асырылады.

5-8-сыныптарда "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта әр сыныпта 10 сағаттан жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылында мектеп білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алып және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырды:

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 406 бұйрығы);
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 412 бұйрығы);
- ✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен № 365 бұйрығы);
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
- ✓ 2022-2023 оқу жылындағы Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие үрдісінің ерекшеліктері туралы

нұсқаулық-әдістемелік хат (Нұр-Сұлтан: Б.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2022ж);

2022-2023 оқу жылында стандартқа енгізілген өзгерістерге сәйкес: «Көркем еңбек» сабағы екі пәнге бөлінген: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері», олар тек 1-сыныпқа арналған дербес оқу пәндері ретінде айқындалған.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

2022-2023 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім берудің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына енгізілген толықтыруларға сәйкес іске асырылады. «Букварь» пәні (оқыту орыс тілінде) бастауыш білім беру деңгейінің 1сыныбына арналған «Букварь» оқу пәні ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны келесідей оқу пәндері арқылы іске асырылады:

Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы «Сауат ашу», «Қазақ тілі» «Әліппе», «Ана тілі» пәндерінің әліппеге дейінгі және одан кейінгі кезеңінің міндеттері бірінші жартыжылдықта «Әліппе» оқулығымен, екінші жартыжылдықта қазақ тілінде білім алушылар үшін «Ана тілі» оқулығы арқылы жүзеге асырылады;

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Цифрлық сауаттылық» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәні арқылы іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы ұсынылған.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады.

1-4 сыныптарда «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы міндетті түрде оқу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда - 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағатты құрайды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын сынып жетекшілері сынып сағаттары және сыныптан тыс сабақтар есебінен: 1-4 сыныптар бойынша әр сыныпта 6 сағаттан, жылдық жұмыс жоспарындағы

тақырыбы мен күнін көрсете отырып іске асырады.

Негізгі орта білім: Негізгі орта білім берудің әрбір білім беру саласының базалық мазмұны ғылым негіздеріне оқыту қажеттілігін ғана емес, тиімді әлеуметтенуге ықпал ететін руханилықтың, әлеуметтік және мәдени тәжірибенің одан әрі дамуын қамтамасызетуді ескере отырып айқындалған.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны келесідей оқу пәндері арқылы іске асырылады:

- 1) Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда - «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті»;
- 2) Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда – «Орыс тілі мен әдебиеті»;
- 3) «Шетел тілі».

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласындағы оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерінде іске асырылады.

Негізгі орта білім берудің 5,6,7 сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнына «Өлкетану» курсының материалдарымен біріктірілетін болады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады. «Дене шынықтыру» пәнін оқыту топтарға бөлместен жүзеге асырылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 5-8 сынып журналдарының жеке бетіне сабақтың тақырыбы мен күні көрсетете отырып, сынып сағаттары мен сыныптан тыс сабақтар есебінен 10 сағаттан жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында «Лекер жалпы негізгі білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алып және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырды:

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулармен № 406 бұйрығы);

✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен);

✓ «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы өзгерістер мен толықтырулармен № 365 бұйрығы);

✓ Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 194 бұйрығы, 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен);

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы № 123 бұйрығы;

✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы № 467 бұйрығы;

✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі № 199 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы.

✓ «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы, 2021 жылғы 3 қарашадағы №547 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен.

✓ «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292 бұйрығы;

✓ «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;

✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 31 наурыздағы № ҚР ДСМ31 бұйрығы;

✓ Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2023 жылғы 3 тамыздағы № 246 бұйрығы.

✓ Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 194 бұйрығы, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен);

✓ «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы»

әдістемелік нұсқау хат (Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2023ж).

Білім беру ұйымындағы оқу процесі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 2-қосымшасына сәйкес жүргізіледі, Үлгілік оқу жоспары жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 тамыздағы № 412 бұйрығымен.

Бастауыш білім беру .2023-2024 оқу жылында стандартқа енгізілген өзгерістерге сәйкес: «Көркем еңбек» сабағы екі пәнге бөлінген: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері», олар тек 1 сыныпқа арналған дербес оқу пәндері ретінде айқындалған. «Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

2023-2024 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде бастауыш білім берудің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына енгізілген толықтыруларға сәйкес іске асырылады.

«Әліппе» ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны келесідей оқу пәндері арқылы іске асырылады:

«Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Шетел тілі».

«Әліппе», «Ана тілі» пәндерінің әліпбиге дейінгі және одан кейінгі кезеңінің міндеттері бірінші жартыжылдықта «Әліппе» оқулығымен, екінші жартыжылдықта қазақ тілінде білім алушылар үшін «Ана тілі» оқулығы арқылы жүзеге асырылады;

«Шетел тілі» 3-4 сыныптарда аптасына 2 сағаттан оқылады.

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика»,

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

«Цифрлық сауаттылық» 1-сыныптарда екінші жарты жылдықта аптасына 1 сағаттан өткізіледі.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану» оқу пәні арқылы іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны «Дүниетану» оқу пәндері арқылы іске асырылады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка»,

«Көркем еңбек», «Еңбекке баулу», «Бейнелеу өнері» оқу пәндері арқылы ұсынылған.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады.

1-4 сыныптарда «Тіршілік қауіпсіздігі негіздері» оқу курсы міндетті түрде оқу қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұны «Дүниетану» оқу пәнінің шеңберінде іске асырылады: бастауыш сынып мұғалімдерінің жылдық оқу жүктемесі 1-3 сыныптарда - 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағатты құрайды.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын сынып жетекшілері сынып сағаттары және сыныптан тыс сабақтар есебінен: 1-4 сыныптар бойынша әр сыныпта 6 сағаттан, жылдық жұмыс жоспарындағы тақырыбы мен күнін көрсете отырып іске асырады.

Негізгі орта білім:

Негізгі орта білім берудің әрбір білім беру саласының базалық мазмұны ғылым негіздеріне оқыту қажеттілігін ғана емес, тиімді әлеуметтенуге ықпал ететін руханилықтың, әлеуметтік және мәдени тәжірибенің одан әрі дамуын қамтамасыз етуді ескере отырып айқындалған.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны келесідей оқу пәндері арқылы іске асырылады:

- 1) «Қазақ тілі»,
«Қазақ әдебиеті»,
- 2) «Орыс тілі мен
әдебиеті»;
- 3) «Шетел тілі».

«Математика және информатика» білім беру саласының мазмұны «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Жаратылыстану» білім беру саласының мазмұны «Жаратылыстану», «Физика», «Химия», «Биология», «География», «География. Қазақстан географиясы» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласындағы оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» оқу пәндерінде іске асырылады.

Негізгі орта білім берудің 5,6,7 сыныптарында «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнына «Өлкетану» курсының материалдарымен біріктірілетін болады.

«Технология және өнер» білім беру саласының мазмұны «Музыка», «Көркем еңбек» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» білім беру саласының мазмұны «Дене

шынықтыру» оқу пәнінде іске асырылады. «Дене шынықтыру» пәнін оқыту топтарға бөлместен жүзеге асырылады.

«Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 5-8 сынып журналдарының жеке бетіне сабақтың тақырыбы мен күні көрсетете отырып, сынып сағаттары мен сыныптан тыс сабақтар есебінен 10 сағаттан жүргізіледі.

9 сыныпта «Жаһандық құзыреттілік» курсы шеңберінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын оқу үшін вариативтік компонент есебінен сағаттар бөлінеді, аптасына 1 сағаттан жүргізуді көздейді. Оқытуды ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдер жүргізеді.

«Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

- 5-8 – сыныптарда - 0,5 сағат (екі аптада бір рет);
- 9 – сыныпта-аптасына 1 сағат,
- 0, 5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-9 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттіліктер» курсы енгізілді. Жаһандық құзыреттер жаһандандудың өсіп келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады.

Курс жаһандық азаматтылық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық мәселелердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпаратты іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды.

Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастық пен өзара байланысты көздейді, оқу үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті кеңейтеді.

«Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру. Оқу курсы мазмұнының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен

қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

Жалпы, «Жаһандық құзыреттіліктерді» оқыту шеңберінде орта білім беретін 5-9 сыныптарда білім алушылар жаһандық оқиғаларды, олардың себептері мен салдарын, әртүрлі үдерістер мен құбылыстарды талдап бағалау, оларды басқа адамдардың ұлттық-мәдени құндылықтарымен дұрыс байланыстыру, жеке және топтық жұмыс, тәлімгер мұғалімнің қолдауымен өз бетінше оқу үдерісін басқару, оқу үдерісіне қатысты маңызды мәселелерді қарастыру дағдыларын игереді, жеке, аймақтық / ұлттық және жаһандық көзқарастар, олардың өзара байланысын түсіну, қолжетімді ақпаратты сын тұрғысынан бағалау, өз ұстанымын талқылау және дәлелдеу, сыртқы әлеммен белсенді өзара іс-қимыл жасау, жеке өсуін, өз елінің дамуының перспективаларын және оның жетістіктеріне өзіндік тигізген септігін көру.

4.1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнының өлшем шарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 08.11.2012 жылғы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын басшылыққа алып 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдардағы жұмыс оқу жоспарлары 1-9 сыныптарға жасалып, мектеп басшысымен бекітілген және Баянауыл ауданы білім беру бөлімі басшысымен келісілген.

Мектеп басшысымен бекітілген оқу жоспары, сабақ кестесі, пән мұғалімдерінің күнтізбелік тақырыптық жоспарлары, үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігіндегі факультативтік және таңдау курстары «Kundelik kz» электронды мектеп автоматтандырылған басқару жүйесіне енгізілген.

4.2. Тәрбие жұмысын іске асыру

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты мектеп оқушыларының бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру. «Құндылықтарға бағытталған білім» жобасы, яғни адами құндылықтарға бағытталған білім. Бұл жұмысты жүзеге асыру үшін патриоттық, толеранттылық, Отанды қорғауға әзірлік сезімін тәрбиелеу және азаматтық ұстанымды қалыптастыру үшін жағдай жасау міндеттері қойылды; «Жасұлан» балалар-жасөспірімдер қозғалысына қабылданған мектеп оқушыларының үлесін арттыру; құқықтық сауаттылықты, адамгершілік және экологиялық мәдениетті қалыптастыру

үшін жағдай жасау; салауатты өмір салтын насихаттау, нашақорлықтың, алкоголизм мен темекі шегудің алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстарды жүргізу; қылмыс пен діни экстремизмнің алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүргізу; әлеуметтік маңызы бар, шығармашылық және еңбек қызметі үшін жағдай жасау; қосымша білім беру ұйымдарымен және спорт секцияларымен өзара әрекеттесу арқылы оқушылардың бос уақыттарын тиімді өткізумен қамтуды арттыру; оқушылардың бірлескен ұйымдарының жұмысын жүзеге асыру үшін жағдай жасау; ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуын арттыру үшін жағдай жасау көзделді.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында оқу-тәрбие жұмыстары сегіз бағыт бойынша жүргізіліп, отырыстар, педагогикалық кеңестер, психологиялық-педагогикалық семинарлар, тренингтер, сыныптың әдістемелік бірлестігі арқылы ғылыми-әдістемелік негізде құрылған әдістері таңдалды. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекеттер, практикалық жаттығулар мен рөлдік ойындар, диспуттар мен пікірталастар, қызықты адамдармен акциялар мен кездесулер сияқты оқушылармен жұмыстың интерактивті әдістері мен формалары қолданылды. Мектепте оқу және сыныптан тыс жұмыстардың әртүрлі бағыттары бойынша әр оқушының жеке тұлғасын дамытуға жағдай жасалды, үйірмелер, спорт секциялары, жобалық іс-шаралар жұмыс істеді.

Жыл сайын мектебімізде дәстүрлі түрде өткізілетін мерекеелер:

«1 қыркүйек білім күні»

«Спорт апталығы» денсаулық фестивалімен аяқталды.

«Қазақстан Республикасы халықтары тілдерінің онкүндігі»

«Мұғалімдер күні»

«Қарттар күні»

«Рухани келісім күні»

«Қамқоршылар күні»

«СПИД күні»

«Республика күні»

«Тәуелсіздік күні»

«Жаңа жылдық ертеңгіліктер», «Жаңа жылдық бал»

«Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылған күні»

«Төтенше жағдайлардан қорғау үшін балалар күні» (өмір қауіпсіздігі негіздеріне негізделген)

«8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні»

«Наурыз»

«Құстар күні»

Жол-көлік жарақаттары мен қылмыстың алдын алу айлықтары

«Қазақстан Республикасы халқының бірлігі күні»

«Отан қорғаушылар күні»

«Жеңіс күні»

«Үздік оқушылар шеруі»

«Отбасы күні»

«Соңғы қоңырау»

Мектептің барлық оқушылары дәстүрлі мектеп іс-шараларына қатысады,

бірақ мектеп өміріндегі оқушылардың белсенділігінің дәрежесі әртүрлі болды. Бұл сынып жетекшілерінің жұмысы мен ұйымдастыра білу, балаларды ынталандыру, әр баланы іс-әрекетке баулу қабілетіне тікелей байланысты.

Мектебімізде жаңа 2023-2024 оқу жылынан бастап Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылуда. Бұл бағдарлама жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Ұлттық құндылықтарға кіріктірілген негізгі үш бағыт: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП*.

Қыс мезгіліндегі қауіпсіздіктер туралы түсіндірме жұмысы және

Өрт кезіндегі іс-қимылдар ережелері жаднамалар 1-9 сынып оқушыларына таратылды. Төтенше жағдайлар 1-9 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді.

Көктем мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерінің жаднамаларымен түсіндірмежұмыстарын 1-9 сынып оқушыларына сынып жетекшілері өткізді. Төтенше жағдайлар кездегі оқу-жаттығулары бойынша іс-шаралары Мамыр айында Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары»

1-сынып оқушыларына танымдық сабақтар мен қатар жаднамалар таратылды.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу—барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз—жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан -Адалазамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адалазаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі» - дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- еңбастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
 - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
 - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.
- «Бір тұтас тәрбие бағдарламасы»**— ұлттық, адами құндылықтарға

негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығымен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлықпенәділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қара шаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішігеізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыптық арау;

- Қазақтілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұятқұндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Озін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;

- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Бірінші тоқсан – Республика күні мерекесіне арналған «Ақындар айтысы» жобасы

Қыркүйек, қазан айларында осы жоба бойынша 1-қыркүйек Білім күніне орай «Мектебім -мейірім мекені» атты 1-9 арасында сыныптар тәрбие сағаттары өткізілді.

5 қыркүйек А. Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар ұйымдастырылды. Лекер мектебінде 2023 жылғы 5 қыркүйек күні сағат 11:00 де мемлекеттік тілде жалпықазақстандық ашық диктант өткізілді. Диктанттың мақсаты Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін нығайту. Ұлт ұстазы- Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай 1-9 сыныптарда “Тілім менің-тұғырым” атты сынып сағаттары өткізілді.

«9 айға 9 іс-шара» аясында «СЕРГІТУ СӘТІ» республикалық іс-шарасы «Сергіту сәті» челленджі

«Менің отбасымның өмірлік жолы» жобасы аясында Отбасы күнін өткізілді.

«Еңбек түбі береке» Еңбек күніне арналған сынып сағаты

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында

«Ақындар айтысы»

«Қарттарым, аман болсын!»

«Қарияға қол ұшын соз» жобасы

«Ұстаз! Сіздің алдыңызда »

(«Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» жобасы)

Ұстаздар күніне орай «Дублер күні» білім алушылардың өзін-өзі басқаруы

«Күзгі бал -2023»

«9 айға 9 іс-шара» аясында «Әнұран айту» челленджі

Республикалық іс-шарасы

«Әнұран айту» челлендж

Республика күнін өткізу

Сылка кою

Екінші тоқсан – «Асық ойыны» жобасы «Асық ойыны – үлкен халықтық тәрбие. Біздің ұлтымыздың дәстүрлері мен мәдениетінің бастауы»

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Отбасымен оқимыз !

Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ.

«Алтын сақа» олимпиадасы

«9 айға 9 іс шара» аясында «Асық ату» челленджі

«Ұлттық валюта» күні

«Тоғыз айға 9 іс шара» "Менің арманымдағы Қазақстан" атты 6-9 сынып

аралығында эссе байқауы өткізілді.

«Ұрпаққа аманат» жобасы аясында «Менің Отаным Қазақстан, Тәуелсіздік тағлымы, Лаула, лаула желтоқсанның мұзға жанған алауы» «Ұлттық рух –тәуелсіздік тірегі» «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына оқушылар қабылдау

«Интернет пен әлеуметтік желідегі оқушы рөлі: әлеуметтік желідегі өзін – өзі ұстау мәдениеті»

Негізгі білімнің сапасы –табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Мемлекет оқушылардың денсаулығын арттыру үшін барлық жағдайды жасауда, өйткені дені сау ұлт әрқашан бәсекеге қабілетті болады.

28 желтоқсан күні Лекер жалпы негізгі білім беру мектебінде ашылып отырған спорт зал оқушылар үшін спорттық жарыстарға қатысып, облыстық Республика көлемінде болуына тигізер үлесі мол болатынына сенімдіміз.

Баршамызға жаңа спорт залдың ашылуы құтты болсын!. Спорт залдың ашылуына себепкер болған азаматтарға алғысымыз шексіз!

Оқушылардың арманы орындалды.

Қош келдің, Жаңа жыл 2024 жыл!

Үшінші тоқсан «Ұлттық өнер» көрмесі

“Қызға қырық үйден тыйым” тақырыбында медбике Ж.Х.Абитаева 5-9сынып қыздарымен әңгіме жүргізді, және бейне таспа көрсетті.

"Қызылшаның алдын-алу"

«Тоғыз айға 9 іс шара» аясында «Қазақ есебі» челленджі Мектебіміздің атынан “Ұлыларды ұлықтайық” атты челленджін жолдаймыз.

«Бейбіт күннің қаһармандары» жобасы аясында Кеңес Одағы әскерінің Ауғанстан Республикасынан шығарылуы 1989 ж 15 ақпан. Ауған соғысы ардагерлері туралы кеш

«Оқуға құштар мектеп» челленджі «Сүйікті кітабым» «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА»

1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектеп оқушылары өз алғыстарын білдірді.

Көктемнің алғашқы мерекесі Алғыс айту күні құтты болсын!

«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды»

«Домбыра Party» «ТОҒЫЗ АЙҒА 9 ІС-ШАРА»

«Ұлттық өнер» көрме «ТӨРТ ТОҚСАН – ТӨРТ ӨНЕР»

«Наурыз мейрамын» мерекелеу «Әз Наурыз - ұлттық сананың, ұлттық бірліктің жарқын көрінісі»

сылқа

<https://www.instagram.com/reel/C42Egekthae/?igsh=MWxpZ2Z2FhbnhiMTd0a9>

Төртінші тоқсан СӘУІР–ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

12 сәуір-ғарышкерлер күні

«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы

Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойы

9 айға 9 іс-шара аясында шахматтан достық кездесулер өткізу

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні

9 мамыр – Жеңіс күні

<https://www.instagram.com/reel/C6vdvfRNySU/?igsh=MWpndW12dmVqcmtjcA==>

<https://www.instagram.com/p/C6oyAfHtBsY/?igsh=bHR0dXZmcHF2OGhp>

<https://www.instagram.com/reel/C3iQUi1t5Yl/?igsh=MXAydjY2NGducTZidQ>

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты: балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктерімен ата -аналарға таныстырылды.

Лекер жалпы негізгі білім беру мектебінде балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, сондай-ақ берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында ата-аналар жиналысы өткізілді

Баланың бас ұстазы-ата-ана" тақырыбында ата-аналармен сабақ өткізілді.

"Отбасы- бақыт мекені" тақырыбында 1-4 сынып ата-

аналарымен сабақ өткізілді

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес ата-аналарымен бірге “Әрбір бала-жарық жұлдыз” атты тәрбие сағаты өткізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына ата-аналарымен бірге “Бала жүрегіне жол табу” атты тәрбие сағаты өткізілді.

Ата -аналарды педагогикалық қолдау мақсатында “Бұлақ көрсең, көзін аш” тақырыбында ойын түріндегі шеберлік сабақ өтті.

Ата -аналарды педагогикалық қолдау мақсатында “Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?” тақырыбында ойын түріндегі шеберлік сабақ өтті.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында ата-аналармен “Ақпараттан ақ-қараны ажырата білу өнері. Жасөспірімнің желідегі әрекеті” тақырыбында сабақ өткізілді.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында Әкені көріп үл өсер, шешені көріп қыз өсер.

Балаға үлгі көрсету тақырыбында ойын түріндегі шеберлік сабақ өтті

.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау мақсатында “Сенім арту - жетістік кепілі” тақырыбында ойын түріндегі шеберлік сабақ өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C54-zrntJR4/?igsh=amRhZTF0aW5qeXR3>

«Таза Қазақстан» акциясы 13 сәуір «Таза өлке»

20 сәуір «Киелі мекен»

27 сәуір «Жасыл аймақ»

4 мамыр «Өнегелі ұрпақ»

10 мамыр «Мөлдір бұлақ»

«Мамыр-Ынтымақ айы» шеңберінде

<https://www.instagram.com/reel/C6jOXWbNpu6/?igsh=cjJmeXc5NmZtdmZ2>

Мақсаты-балаларды элеуметтік, қоғамдық тәрбиеге баулу, бірлікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу мен отаншыл,

мемлекетшіл, туған жерді қастерлейтін, адал, жауапкершілігі мол, мейірімді, бауырмал, сыни ойлайтын, қаржылық сауатты, үнемшіл, еңбекқор, жасампаз тұлға қалыптастыру.

“Таза Қазақстан” экологиялық акциясын қолдау мақсатында “Түлектердің ағаш егу” челленджи аясында мектеп бітіруші түлектер 9 сынып оқушылары мектептің ауласына ағаш отырғызды.

7 мамыр -Отан қорғаушылар күніне орай мектеп оқушыларына “Менің Бақытым-менің Қазақстаным” тақырыбында бейне ролик көрсетілді.

4 сынып оқушыларымен 7 мамыр отан қорғаушылар күніне орай “Жаса Қазақстан!” тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

9 Мамыр-Жеңіс күніне орай “Ерлігім-елім үшін!” тақырыбында қысқаметражды фильм көрсетілді түсіндірме жұмысы жүргізді.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Мектебіміздегі тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білімберу мазмұны арқылы жүзеге асады.

Мектебімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру келесі талаптар қойылу арқылы жүзеге асырылуда:

пәндік мазмұн шеңберінде: – әр пәннің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

– бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлауда ортақ тақырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

– пән апталықтарын жоспарлау мен өткізуде ұйымдастырылатын іс-шаралардың тәрбиелік мәніне назар аудару және оның мазмұны арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету ұсынылады.

сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде:

– ар-ұждан, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыру және ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану тәрбие жұмысының жылдық жоспарындағы іс-шаралар мен сынып сағаттарының мазмұнында ескеру;

– сынып сағаттары аптасына 1 сағат мектептің сабақ кестесіне енгізулі және жүйелі түрде өткізіледі.

Ұлттық мүдде құндылығын оқушыларға дәріптеу мақсатында бірінші жартыжылдықта тілдер онкүндігі «Тілдер мерекесі», «Зере» аналар мектебі жобасы аясында аналардан оқушыларға арналған ұлттық тағамдар, ұлттық оюлар бұйымдар жасауды үйрету мақсаттыда шебер сыныптар, «өнегелі өмір» жобасы аясында Алаш қайраткерлерінің өмірлерін зерттеуші тұлғалармен кездесулер, ұлттық валюта күніне арналған іс-шаралар, Ұлттық

рух-Тәуелсіздік тірегі тақырыбындағы тәуелсіздік мерекесіне арналған іс-шаралар, ұлтық ойындардан челленждер және күзгі, қысқы демалыс уақыттарындағы оқушылар арасында патриоттық сезімді нығайту үшін дебаттық ойындар жүргізілді.

Ар-ұят құндылығын дәріптеу мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Саналы ұрпақ», «Адал ұрпақ» жобалары аясында адалдық сағаттары, дебат ойындары, сурет көрмелері, мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен оқушылар арасында сауалнамалар мен жадынамалар тарату акциялары, құқықтық тәрбие беруге бағытталған ПБ қызметкерлерімен кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында қайырымдылық акциялары өткізілді. Талап құндылығын дәріптеуде «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Жолда жүру ережелері», «ТЖ кезіндегі қауіпсіздік ережелері», «Салауатты өмір салты», «Лудомания», «Электрондық темекілердің зияны» тақырыптарында сынып сағаттары, арнайы мамандармен кездесулер, ақпараттық іс-шаралар өткізілсе, «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында «Дене сергіту» челленждері, ата-аналар мен оқушылар, ұстаздар арасында спорттық жарыстар, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап» акциясы, балаларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыру бойынша көркем фильм мен деректі фильмдерді көрсету өткізілді. Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау мақсатында «Бес нәрсеге асық бол...» тақырыбында мақал-мәтелдер сайысы өтті.

«Біртұтас тәрбие» жобасының тиімділігі мектебіміз үшін ата-аналармен қарым-қатынастың нығаюына әкелді. Оқушыларға ұлттық құндылықтарды ересек буынның жеткізуі арқылы өзінің нәтижелілігін көрсетіп отыр. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар арқылы ата-аналарға да мектеппен тығыз қарым қатынаста болуға жол ашып беріп отыр.

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» мектеп өзін-өзі басқару жұмыстары
Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы жыл сайын жоғары сынып оқушыларының кеңесі түрінде жұмыс істейді. Жоғары сынып оқушылары кеңесінің жұмысы тәлімгер Қ.Т.Әбіш жетекшілігімен сынып жетекшілерімен және педагогикалық ұжыммен тығыз байланыста өтеді.

Жоғары сынып оқушылары кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес айына бір рет «Сыртқы келбет», «Оқушылардың сабаққа қатысуы», «Оқу құралдарының сақталуы», кешкі рейдтері өткізіледі. Үлкен үзілістер кезінде жоғары сынып оқушыларының кеңесі 1-4 сынып оқушыларының бос уақытын ұйымдастырады.

Мектеп парламентінің кеңесіне 7-9 сынып оқушылары кіреді. Мектеп

парламенті оқушыларының кеңесі «Жас Ұлан» бірыңғай республикалық жастар ұйымымен тығыз жұмыс жасайды. Парламент оқушылары мектепшілік әртүрлі іс-шараларды (мерекелер, акциялар) дайындауға және өткізуге белсенді қатысады. Сценарий әзірлеуге өз ойларын қосып отырады. Мерекеге сай мектепті безендіреді. Ай сайын жоғары сынып оқушылары кеңесінің отырыстары өткізіліп, онда ұжымдық іс-шараларды дайындау және өткізу мәселелері талқыланып, идеялар ортаға салынып, сценарийлер әзірленеді.

2023-2024 оқу жылына негізгі сыныптан тыс жұмыстардың жұмыс жоспары жасалды. Алғашқы отырыста өзін-өзі басқару мүшелері оқу жылындағы жұмыс жоспарымен танысып, өзін-өзі басқару мүшелері арасында міндеттер бөлінді.

Қосымша білім беру.

Үйірме жұмыстары үйлесімді дамыған тұлғаны жан-жақты тәрбиелеуге ықпал етеді. Мектебіміздің 100 % оқушысы қосымша біліммен қамтылған.

Биылғы оқу жылында мектебімізде пәндік 10 үйірме, сонымен қатар 5 спорт секциясы жұмыс істейді.

Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру кестесі 2023-2024 оқу жылы

**Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Лекер жалпы негізгі білім беру мектебі» КММ
Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру кестесі 2023-2024 оқу жылы
бойынша секцияның өткізу
КЕСТЕСІ**

2023-2024 оқу жылы

р/с	Үйірме, секция атауы	Қатысатын сыныптар	Апта күндері	Уақыты	Жетекшілер
1	Бес тас	5,6,7,8	Бейсенбі	15.00.- 16.00.	Садықов Қ.Е.
2	Асық ату	6,7,8	Бейсенбі	15.00.- 16.00.	Садықов Қ.Е.
3	ДЗЮДО	5,6,7,8	Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	17.00- 18.30.	Мажитов А.К.
4	Грек-рим	1-4 /ұл/	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	15.00- 16.30.	Хакимов Ж.С.
5	Грек-рим	5-9 /ұл/	Сейсенбі, бейсенбі, сенбі	16.30- 18.00.	Хакимов Ж.С.
6	Шахмат	6,7,8	Дүйсенбі Сейсенбі, сәрсенбі	10.00- 10.45 15.00- 15.45.	Дүйсенбай А.Б.

№	Үйірме атауы	сынып	Оқушы саны	уақыты	Үйірме жетекшісі
1	«Сиқырлы қыл қалам әлемі»	2-3	6	Бейсенбі	Абежанова А.Е.
2	«Мәнерлеп оқу»	4	5	Сәрсенбі	Мамырбекова Г.Қ.
3	«Тіл дыбыстары»	5	12	Бейсенбі	Ералина С.Н.
4	«Ұлыбритания еліне саяхат»	9	7	Сейсенбі	Қайыржанова М.М.
5	«Жас гүл өсірушілер»	7	9	Бейсенбі	Қалел А.А.
6	«Шебер қыздар»	5	10	Жұма	Сабданбекова А.А.
7	«Туған өлке тарихы»	5	12	Дүйсенбі	Намазова А.М.
8	«Жас информатиктер»	8	8	Сәрсенбі	Сагындыкова Г.Д.
9	«Шебер қолдар»	Д/с	5	Бейсенбі	Әбіш А.Ғ.
10	«Үкілі домбыра»	6	8	Сәрсенбі	Байдильдина А.Ғ.

Үйірме жұмыстары балалардың өмірін бай және қызықты етіп, физикалық, интеллектуалдық, шығармашылық, адамгершілік және рухани дамуына барынша жағдай жасайды.

Мектеп оқушыларының бос уақыттарын тиімді пайдалану, каникул уақытында оқушыларының бос жүрмей тиімді іс-әрекетпен айналысуын қамтамасыз ету мақсатында спорт үйірмелерінен теннис, волейбол үйірмелері ақысыз түрде жұмыс жасады. Оқушылар уақыты спорт үйірмелеріне қатысып отырды.

Құқық бұзушылық пен қылмыстың, балалардың қараусыз қалуының алдын алу.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып, іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-шаралардың мақсаты - жоспарға сәйкес оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтарын біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында іс-шаралар

өткізілді. Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған акция барысында 1-9 сынып оқушылары, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, психолог, Баянауыл ауданы ПБ-нің қызметкерлерінің қатысуымен оқушыларға әр түрлі бағыттағы түсіндірме жұмыстары, іс-шаралар жүргізілді. Жыл сайын “Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ” республикалық науқанының 10 күндік жоспары бекітіліп, жоспарға сай түрлі шаралар ұйымдастырылады. Науқанның мақсаты - балаларды қорлау пен зорлық-зомбылық мәселесі, оның балаға және қоғамға тигізетін зардаптары, сондай-ақ осы саладағы халықаралық заңнама негіздері туралы қоғамның, оның ішінде ересектер мен балалардың хабардарлығын арттыру. Сонымен қатар аналар клубының құрамы мектеп оқушыларының мектеп формасын сақтауына, салауатты салтын сақтауды насихаттауға, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатындағы жұмыстарға белсене қатысып өз пікірлерін білдіріп отырады

Мектеп бойынша психологиялық педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастырылуы

Мақсаты: «Лекер жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ- де Буллинг/кибербуллинг жағдайларын анықтау, зорлық-зомбылықтың, өзін-өзі бұзатын құлықты болдырмау

Мектеп бойынша Буллинг, кибербуллинг, зорлық-зомбылық жоспарлары құрылып жұмыс атқарылады. ҚР Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 Бұйрықпен бекітілген құжатты негізге алынды. Білім беру ұйымының әкімшілігі баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы және алдын алу жөніндегі қызметті қамтамасыз етеді және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді, баланы жәбірлеуге (буллингке) нөлдік төзімділік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру ортасында жағдай жасайды. Баланы жәбірлеу (буллинг) фактісі туралы ақпарат білім саласындағы жергілікті атқарушы органға не білім беру ұйымына келіп түскен жағдайда жауапты тұлға ақпаратты баланы жәбірлеу (буллинг) туралы ақпаратты есепке алу журналында тіркейді.

Баланы жәбірлеу (буллинг) туралы келіп түскен ақпарат 1 (бір) күн ішінде білім саласындағы жергілікті атқарушы органның басшысына жеткізіледі.

Баланы жәбірлеу (буллинг) туралы ақпарат білім беру ұйымына келіп түскен жағдайда білім беру ұйымы басшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары баланы жәбірлеуге (буллингке) қатысушылар туралы ақпарат келіп түскен күннен бастап бастапқы ақпаратты қалыптастырады, оған мыналар кіреді:

- баланың (отбасы мүшелерінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- тұрғылықты жері;
- оқу орны бойынша баланың жалпы сипаттамасы;

сынып жетекшісінің, баланы (педагогты) жәбірлеуге (буллингке) қатысушылардың және (немесе) баланың заңды өкілдерінің жазбаша түсіндірмесі.

ақпарат келіп түскеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде сынып жетекшісі, педагог-психологты тарта отырып, жәбірлеуге (буллингке) ұшыраған баламен, жәбірлеудің (буллинктің) бастамашысымен/бастаушысымен және олардың заңды өкілдерімен әңгімелесу жүргізеді; Жұмыс барысында оқушылар арасында буллинг анықталған жоқ.

Әлеуметтік педагог Мектептің ішкі тәртіп ережелері таныстырып, оқушылардың сабаққа қатысуы, қарым-қатынас мәдениеті, мектеп мүлкін сақтау мен ұялы телефонды қолдану тәртібі туралы айтып өтті. Мектеп формасына қойылатын талаптар, екінші аяқ киім, дене шынықтыру пәніне арнайы киіммен қатысу сынды мәселелер талқыланды. Сондай-ақ мектеп жасындағы балалардың түнгі уақытта көшеде жүрмеуі, ойын-сауық орталықтарына бармауы және сабақтан тыс кездегі бос уақытын тиімді пайдалану басты назарда.. Жолда жүру ережелері, бала өмірінің қауіпсіздігі, тәртіп бұзушылық туралы түсінік жұмыстарын жүргізіледі Жоспарға сай құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен кездесулер, түнгі уақыттағы рейд шараларын өткізіп отыру арқылы құқықбұзушылықтардың алдын алу мүмкіндігі артады деген ойдамыз. Ұлдар, қыздар жиналысына 5-9 сыныптар бойынша барлық ұл балалар қамтылды. түнгі уақытта көшеде жүруге болмайтындығы жайында айтып түсіндіру жұмысын жүргізді. Жүрген уақытта ата-аналарының жазаға тартылатындығын айтып түсіндірді. Полиция майоры Ж.Кенжеханов оқушылармен кездесу өткізілді. Оқушыларға жол қауіпсіздігі, лудомония, құмар ойындар, буллинг, кибербуллинг, көлік жүргізу, зиянды заттар, нашақорлық, көлік жүргізу, бейтаныс адамдармен қандай іс-әрекет жасау керектігі, түнгі уақытта жүріс т.б. түсіндіру жұмыстары өткізілді. Оқушылар қойған сұрақтарға жауап берді. Мектеп бойынша өрескел құқықбұзушылық анықталған жоқ. Оқушылармен «Жасөспірімдердің жауапкершілігі» 6-9 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. «Қылмыс жасау білместікпе?» атты оқушылармен профилактикалық әңгіме өткізілді.

Медицина қызметкерінің қыздардың жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмысының алдын алу

Білім алушылардың бірыңғай гигиеналық талаптарды сақтауын қамтамасыз ету

Гигиеналық білім мен гигиеналық дағдылар баланың денсаулығын нығайтуға ғана емес, сонымен бірге баланы әдептілікке, саналылыққа баулиды. Баланы жеке бас гигиенасының талаптарын сақтауға баулу олардың саналы түрде қоғамға қажетті негізгі ережелерді сақтап жүруін қалыптастырады. Балаға гигиеналық тәрбие берудің негізі бала-бақшада басталады, одан ары қарай мектепте тереңірек түсініктер беріледі. Оның негізгі бөлімдері:

1. Оқу үрдісінде гигиена негіздерінен сабақ беру;
2. Мектеп оқушыларының мектептен тыс санитарлық ерікті жұмыстарын жүргізу;
3. Оқушылармен мектептен тыс санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу;
4. Ата-аналармен санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізу т.с.с. болып табылады.

Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдерге гигиеналық тәрбие беру жұмысы - мектептің оқу бағдарламасының міндетті түрдегі құрамды бөлігі болып табылады.

Мектепте, әсіресе бастауыш сыныптарда, сабақтың көп уақыты оқуға және жазуға бөлінеді. Бұл жұмыс оқушылардың ми қабығының қызметімен ғана байланысты емес, сондай-ақ көзің жұмысымен де байланысты.

Сабақта оқыған кезде, кітаптың көлбеу орналасуы, үй жағдайында немесе кітапханада жұмыс істеген кезде балалар мен жас өспірімдердің кітап оқуын жеңілдету және көздің шаршауын азайту үшін кітаптың астына арнаулы тығырық қоюға болады.

Дұрыс отыру талабын орындау – оқу гигиенасының міндетті талабы. Кітапты жатып оқуға үзілді – кесілді тиым салу қажет, өйткені бұл жағдайда кітапты дұрыс ұстауға мүмкіндік болмайды. Көздің қалыпты жұмысы бұзылады да оқушының шаршауы ұлғайады. Тамақ ішіп отырған кезде кітап немесе газет оқу да зиянды, оқыған кезде оқушыларды жеткілікті жарық мөлшерімен , жарық сәулелерінің дұрыс бағытымен, сондай – ақ тыныш жағдайымен қамтамасыз ету мектеп гигиенасының аса маңызы болып табылады.

Рухани – адамгершілік тәрбиесін іске асыру бағытында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыс ең алдымен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмыстарын насихаттаушы ақпараттық топтың құрамын құрумен басталды. Топ құрамы құрылған соң жұмыс жоспары құрылған болатын. Жоспар 5-9 сынып оқушылары арасында діни ағымдардан аулақ болу, толық түсінік алу мақсатында тәрбие сағаттары негізінде құрылған. Тәрбие сағаттары уақыты өткізіліп, хабарламалар аудандық білім бөлімінің әдіскеріне тапсырылды. Жұмыс жоспары бойынша мектеп қызметкерлері, ұстаздар, оқушыларға діни –экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Діни ұйымдарға қатысатын отбасыларды анықтау диагностикасы жүргізілді. Нәтижесінде отбасы анықталған жоқ. Мектеп оқушыларына сонымен қатар мектеп ережесіне сай киім кию туралы, олардың ата-аналарына мектеп формасын сақтау туралы түсінік жұмыстары жүргізілді. Мешітке, жұма намазына баратын, намаз оқитын оқушыларды анықтау мақсатында рейдтер жүргізіліп,

нәтижесінде оқушылар анықталмады.

Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды.

Мектептің әлеуметтік паспорты
2021-2022 оқу жылы

Реті	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
1	Барлық оқушылар	61	100
	Отбасы түрі бойынша:	61	100
2	Толық отбасылар		
3	Толық емес отбасылар	1	1,63
4	Анасы жоқ балалар	0	0
5	Әкесі жоқ балалар	0	0
6	Көпбалалы отбасылар	30	
7	Аз қамтамасыз етілген отбасылар	0	0
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	2	3,27
9	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	0	0
10	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
11	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
12	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
13	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
	Ата-аналарының білімі:		
14	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	13	21,3
15	Техникалық және кәсіптік	26	42,6
16	Орта білімді	22	36,0

Мектептің әлеуметтік паспорты
2022-2023 оқу жылы

Реті	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
1	Барлық оқушылар	59	100
	Отбасы түрі бойынша:	59	100
2	Толық отбасылар	56	98,8

3	Толық емес отбасылар	1	1,58
4	Анасы жоқ балалар	0	0
5	Әкесі жоқ балалар	0	0
6	Көпбалалы отбасылар	32	54,2
7	Аз қамтамасыз етілген отбасылар	1	1,69
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	2	3,27
9	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	0	0
10	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0
11	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0
12	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
13	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
	Ата-аналарының білімі:		
14	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	13	22,0
15	Техникалық және кәсіптік	24	35,5
16	Орта білімді	22	37,2

Мектептің әлеуметтік паспорты
2023-2024 оқу жылы

Реті	Әлеуметтік санаттар	Саны	%
1	Барлық оқушылар	63	100%
	Отбасы түрі бойынша:	63	100%
2	Толық отбасылар	62	98,8%
3	Толық емес отбасылар	1	1,58%
4	Анасы жоқ балалар	0	0%
5	Әкесі жоқ балалар	0	0%
6	Көпбалалы отбасылар	34	53,9%
7	Аз қамтамасыз етілген отбасылар	1	1,58%
8	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	0	0%
9	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	0	0%
10	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0%
11	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	0	0%
12	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0%
13	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар		0%
	Ата-аналарының білімі:		
14	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	13	20,6%
15	Техникалық және кәсіптік	28	44,4%

16	Орта білімді	22	34,9%
----	--------------	----	-------

Жалпы оқу қорынан көмек көрсету:

1 тамызда «Мектепке жол» жыл сайынғы республикалық акциясы мектеп оқушыларының арасындағы қамқорлықтағы балаларды, жағдайы төмен, көп балалы отбасылар, әлеуметтік қауіпті жағдайларға тап болған отбасындағы балаларды анықтай отырып, «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылады. **Акция мақсаты** – оқумен қамтылмаған оқушыларды анықтау, аз қамтылған және көп балалы отбасыларының оқушыларына, жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға жаңа оқу жылына дайындалуына материалдық көмек көрсету және әлеуметтік жағдайы бойынша мектепке келмеудің алдын алу.

№	Көмек түрі	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.
1	Материалдық көмек	20 оқушы	21 оқушы	30 оқушы
2		Оқу құралдары 25000 теңге	15000 теңге	10000 теңге

2023-2024-оқу жылында

«Мектепке жол» акциясы кезінде көмек көрсетілген қаражат көлемі туралы кесте

Мектеп атауы	Материалдық көмек алған балалардың саны	Оның ішінде (адам)		Көрсетілген көмектің жалпы сомасы	Оның ішінде (мың т.т)	
		Бюджет қаражаттары есебінен (саны)	Бюджеттен тыс қаражат есебінен (саны)		Бюджет қаражаттары есебінен	Бюджеттен тыс қаражат есебінен
«Лекер ЖННБМ» КММ	43 оқушы	28 оқушы	10000 т	1324400 тг	28 оқушыға 1324400тг	10000т

2021-2022,2022-2023,2023-2024 Ыстық тамақ бойынша

«Лекер жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ- де тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша оқушылардың 1-9 сынып оқушыларының сапалы және қауіпсіз тамақтануын қамтамасыз ету бағытында санитарлық ережелер мен нормалардың сақталуы қадағаланады. Оқушыларды сапалы

тамақтандыруды қамту бойынша мониторинг жүргізілді. Азық-түліктерді уақытылы пайдалану және сақталу мерзімі үнемі тексеріліп отырады.

Оқушылардың мектептегі бір реттік тамақтану нормалары талапқа сай. Преспективалық мәзірдің және күн сайынғы ас мәзірі сәйкес жасалады. Мектеп медбикесі күн сайын астың дайындалу сапасын тексеріп, бір күндік сынама алынып тоңзатқышқа қойып отырады және бракеражды журналға жазылған.

Аптасына 1 рет ыдыстарды, жабдықты және құрал-саймандарды жуудың ережелерін медбике тексеріп отырады. Ас әзірлейтін блоктың қызметкерлері күнделікті ірінді ауруларға, қолдары, халаттарының тазалығы тексеріліп отырады.

Ас әзірлейтін блоктың қызметкерлері медициналық тексеруден өтті жұмысқа жіберуге рұқсат қағаздары бар. Тексеру барысында ескертулер аңықталған жоқ.

Көкіністер сақтайтын орындардың болмауына жұмасына бір рет тасмалданып әкелінеді

Санитарлық ережелер мен талаптарға сай жабдықтармен жабдықталған. Арнайы тамақ сапасын тексеру комиссия мүшелері бақылау жүргізіп тұрады. Қазіргі уақытта мектебімізде 1-9 сыныптар арасында 63 оқушы білім алуда. Олардың 1-4 сыныптың 19 оқушысы Сыныптардың әлеуметтік тұрмыс жағдайына қарай, көпбалалы отбасының 34 оқушысы тегін бір реттік ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Бір реттік тамақтың құны 690 т және 450 теңгені құрайды. Мектеп асханасында тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы күнделікті бақыланып отырады.

Мектеп асханасын тексеру мақсатымыз бекітілген мектеп асханаларында тыйым салынған тағамдардың (шұжық өнімдерін, шұжықшалар мен құрамында табиғи бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргештер, дәмді күшейткіштер, тәттілендіргіштер бар өзге де өнімдерге), оқушыларға берілетін тегін ыстық тамақтың сапасын қадағалау.

Ас мәзірімен асхананың санитарлық талаптарға сәйкестігі, асхана қызметкерлерінің қызмет көрсету барысы мен сапасы, шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журналдың уақытында толтырылуын, бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің сәйкестігі қаралады. Мектеп медбикесі Н.Б.Амирбекова комиссия мүшелерімен бірге ас сақтайтын қоймаларды және тоназытқыштарды тексеріліп отырады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау.

Оқу жылының басынан бері мектепте спорт залын, спорт алаңын, спорттық құрал-жабдықтарды мектепте бұқаралық спорт жұмыстарын жүргізуге дайындау мақсатында үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді. Оқу жылында мектепте барлық спорттық іс-шаралар жоспар бойынша өткізілді. Оқу жылының басынан бері мектептің медицина қызметкерлері келесі жұмыс түрлерін атқарды: Салауатты өмір салты бойынша білім деңгейін арттыру үшін денсаулық сабақтары өткізіледі. Мектепте қауіпсіз

болу үшін сыныптардағы жұқпалы аурулармен ауырған оқушылардың сабақ босатуы бақылауға алынды. Жұқпалы ауру белгілері анықталған оқушылар учаскелік дәрігердің бақылауына жіберілді. Жұқпалы аурумен ауырған оқушылар тұрғылықты мекенжайы бойынша емханадан анықтама болған жағдайда сабаққа жіберілді.

9 және сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру жұмыстары жоспарға сай жүргізілді. Оқушылар қаланың оқу орындарында ашық есік күндері мен кәсіби сынақтарға қатысты. Оқу жылы бойына университеттер мен колледждердің өкілдері сынып сағаттарына шақырылып, кәсіптік бағдар беру мәселелері бойынша сынып жиналыстары өткізілді.

2023-2024 оқу жылында 25 қазан Республика күніне орай 5 сыныптардан «Жас Ұлан» ұйымына және 1 сыныптардан «Жас Қыран» ұйымына оқушылар жоспарға сай қабылданады. 2023-2024 оқу жылында ұйым жетекшісі аға тәлімгер Қ.Т.Әбіш

Оқушылардың «Мектеп Парламенті» жұмысы туралы

2021-2022 оқу жылындағы оқушылардың «Мектеп Парламенті» құрылды.

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жоспарлау үшін жағдай жасау, сондай – ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау мен қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші ретінде мектеп оқушылары арасында

«Мектеп Парламенті» мүшелеріне оқушылар мектепішілік сайлау бойынша қабылданды. Парламенттің мақсаты: білім алушылардың бойында азаматтықбелсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.

Парламент өзара көмек және сенім, дамуға ұмтылу, барлық оқушылардың тең құқылығы, шешімдер қабылдаудың ұжымдылығы, оқушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты ізгілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерді құрметтеу қағидаттарына негізделеді. Осы бұйрық негізінде құрылған «МектепПарламенті» оқу жылына бекітілген жоспар бойынша сегіз түрлі фракция негізінде өз жұмыстарын атқарды.

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында «Мектеп парламентінің» президенті мен мүшелерін сайлау болып өтті. Сайлау нәтижесі бойынша "Мектеп парламенті" президенті болып 9-сынып оқушысы Райымбек Сағыныш сайланды. Сонымен қатар «Мектеп парламентінің» 8 фракциясы бойынша көшбасшылар тағайындалды. Олар:

«Күкык және тәртіп» фракциясы жетекшісі: Хуаныш Айсара
«Ақпарат» фракциясы бөлім басшысы: А б ы л қ а с Ж
«Спорт және салауатты өмір» фракция бөлім басшысы: Каптанай А
«Өзін-өзі тану және бақыт» фракция бөлім басшысы: Мүрсәлім М
«Қайырымдылық» фракциясы бөлім басшысы: Еркін Бекзат
«Дебатқозғалысы» фракциясының бөлім басшысы: Еркін Ернар
«Экология және еңбек» фракция бөлім басшысы: Рахимбаев Бексұлтан
«Мәдениет және өнер» фракция бөлім басшысы: Халел Балауса
Парламент Президентінің сайлауы жылына 1 рет қыркүйек айында өткізіліп, 2021-2022 оқу жылының «Мектеп Парламентінің» жұмысын реттеу негізінде құрылған жоспар бойынша мынадай шаралар іске асырылды. Әр атқарылған іс – шараны әлеуметтік желіге жариялау мақсатында инстаграмм парақшасы ашылды. Мектеп парақшасының жұмысын жүргізу «Ақпарат» фракциясының бөлім басшысы: Жумаканова Айымға жүктелді.

2023-2024 оқу жылы бойынша мектеп парламентінің жоспары құрылып, Парламенттің жобалау кеңсесін құру жұмысы және мектеп Парламенті президентін сайлау күнін бекітіліп мектеп президенті сайланды. Сыныптардағы өзін-өзі басқару ұйымын сайлау жұмысы да жүзеге асты. Сайлау нәтижесі бойынша "Мектеп парламенті" президенті болып 9-сынып оқушысы Ермекқызы Мадина сайланды «Мектеп парламентінің» 8 фракциясы бойынша көшбасшылар тағайындалды. Олар:

- 1 «Ақпарат» фракциясы бөлім басшысы: Қабдолла Гүлім
- 2 «Өзін-өзі тану және бақыт» фракция бөлім басшысы: Райымбек Сағыныш
- 3 «Қайырымдылық» фракциясы бөлім басшысы: Жумаканова Асем
- 4 «Дебат қозғалысы» фракциясының бөлім басшысы: Қуан Амина
- 5 «Экология және еңбек» фракция бөлім басшысы: Каптанай Г

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларын» таныстыру мақсатында мектеп ұжымымен отырыс өткізді. Мектеп басшысы мен тәрбие ісі орынбасары білім алушылардың ата-аналарынан заңсыз ақша жинауға жол бермеу бойынша түсінік жұмыстарын жүргізді. Мектеп психологына заңсыз түрде ақша жинамау мақсатында ұйымдастырылған «Сенім телефоны» мен «Сенім жәшігінің» жұмыстары тапсырылған болатын. Бірақ оқу жылында ешқандай арыз-шағымдар келіп түскен жоқ. Жыл бойы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында 5-9 сынып оқушыларымен сынып жетекшілері тәрбие сағаттар ұйымдастырды. Сонымен қатар мектебімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылған мектеп оқушыларының «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмыс жасайды. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жұмыс жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Жасалған жұмыстардың бірі ретінде «Адалдық дүкенін» айтуға болады. Оқушылар өздері әкелген заттарды ақысын сатушысыз төлеп жүрді. «Адалдық әлемі» сурет көрмесінде оқушылар адалдық сөзін

түсінуі бойынша суреттер салды

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» атты әңгімелер, презентациялар ұйымдастырылды. Оқушылардың жемқорлыққа қарсы күрес танымын қалыптастыру мақсатында сынып сағаттары «Сыбайлас жемқордың жеке тұлғасы» атты «Заң. Оқушы. Міндет» тақырыбында сынып сағаттарын, ашықтәрбие сағаттарын өткізді. Тарих пәні мұғалімі Кадр Аскергүлдің ұйымдастыруымен сынып оқушылар арасында «Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті» тақырыбында сыныптан тыс шара өткізілді. Оқушылар белсене қатысып, өз сұрақтарына жауаптар алды. «Сыбайлас жемқорлықпен қалай күресу керек?» атты тақырыпта дөңгелек үстел 7-9 сыныптар арасында және мектеп ұстаздарымен ұйымдастырылды. өткізілді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңының баптарымен танысып, өз пікірлерін ортаға салды.

Құқық бұзушылықтың алдын- алу мақсатында ауылдық учаскелік полиция инспекторы Қосыбаев Нұрбол Қабдырахимұлымен кездесу өткізілді. Кездесу барысында терроризм және экстремизмнің алдын- алу мақсатында түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оқушылар көкейлерінде жүрген сұрақтарға жауап алды.

1 – сынып оқушыларының ата-аналарымен бейімделуге байланысты жеке дара кеңес беру жұмыстары жоспар бойынша жүзеге асты, ата-аналар балаларының мектепке бейімделуі туралы сауалнамаларына мектеп психологы Ж.Д.Назымбекова жауап берді. Алдағы уақытта осындай игі іс- шаралар өз жалғасын табады және де тәрбие жұмысының бір бағыты «Отбасы тәрбиесі...» Желтоқсан айында «Отбасы алтын дінгек» атты дөңгелек үстел 5-сынып оқушыларының ата-аналарымен оқушыларымен ұйымдастырылды. Қаңтар айында «Отбасылық таланттар» атты 1-8 сынып оқушылар ата- аналары арасында шығармашылық фестивалі өтті. 7- сынып ата-аналары мен «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» атты әңгіме кеңес берілді

Кітапхана 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылы

2021-2022 оқу жылы кітапхана негізгі кітап қоры дана. Оның ішінде оқулықтар дана. 2021жылға келеген кітап 331дана, 635676 теңге , 52 дана көркем әдебиет құны 51272 теңге

2021-2022 оқу жылында мектеп балансында тұрған даярлық пен 1 сынып жұмыс дәптерлерінің 1 сынып оқулығын, 3-5-6-7-8 сынып информатика кітабын, тозығы жеткен көркем әдебиеттерді есептен шығару керек. 174 дана жұмыс дәптерін, 1 сынып оқулығы 90 дана, 3-5-6-7-8 сынып информатика оқулығы 32 дана, 154 дана көркем әдебиеттер есептен шығарылды. Биылғы оқу жылында даярлық топпен – 9 сынып оқушылары 100% оқулықтармен қамтылды

2021 жылы газет-журналдарға 100 пайыз жазылды. Оқу жылының басынан кітапхана ішінде жоспарға сай шаралар өтуде. .

Кітапханада әртүрлі мерейтойларға және атаулы күндерге көрмелер,

бейнематериалдар, қойылады. 2021-2022 оқу жылында 1 қыркүйек «Кел балалар оқылық» әліппемен қауышу бейнематериалы кітап насихаттау истаграм желісіне салынды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендейінің берік негізі» атты кітап көрме ұйымдастырылды «Тәуелсіздік-тәу етер киелі ұғым 5-6 сынып оқушылар арасында сайыс ұйымдастырылды». «Ы.Алтынсарин 180 жылына 3-8 сынып оқушылары үзіліс уақытында Ы.Алтынсариннің шығармаларын оқыды», «Елін сүйген елбасы», «Тәуелсіздігімізге 30 жылына көрме - 9 сынып. «Поэзия!Менімен егіз бе едің?» М.Мақатаевтың 91 жылдығына арналған шығармаларынан мәнерлеп оқу. «Қош келдің- Наурыз!» Кітап көрме қойылды. «Менің сүйіп оқитын кітабым!» оқушылар демалыс кезінде кітап оқып бейнематериал түсірілді. «Әлихан Бокейханның туғанына-155жыл» арналған оқулықтарды 6-7 сыныптарына оқылды сайыс өткізілді, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу. Сайыстың жеңімпаздар: «Үздік оқырман».

«Мемлекеттік тіл менің тілім» атты кітапхана қорындағы кітаптармен көрме ұйымдастырылып, 5-9 сыныптар қатысты. Мақсаты: Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, тіл байлығын игеруге, ана тілімізді қадырлеуге ықпал ету, Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі Ана тілін жақсы білу — әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі екендігін айту

«Бір ел – бір кітап» акциясы аясында 30 жылға 30 кітап 5 жанр бойынша жылбойы іс-шаралар өткізілді. Мақсаты: берілген шығармалар бойынша оқушылардың ойын тиянақтау, өз көз-қарасын жүйелі талдауға үйрету, рөлдерге бөліп оқыту, кейіпкер сөзін тапқызу. Оқушыларды ұстамдылыққа, тәртіпті болуға тәрбиелеу.

Алтынсарин Ыбырай туғанына 180 жыл. Көрме «Кел, балалар, оқылық» кітап көрме ұйымдастырылып, өлеңдері оқылды «Кел балалар, оқылық» атты аудандық кітапхананың ұйымдастырған онлайн іс-шараға Құсайын Еркенұр 3 сынып, Саябек Әкімбек 4 сынып, Амангелді Ақбота 6 сынып, Райымбек Сағыныш 7 сынып

«Бір ел – бір кітап» акция аясында «Ахмет Байтұрсынов мұрасы» өлең мысалдары «Қасқыр мен қозы», «Өгіз бен бақа» көрініс қойылды 5 сынып оқушыларымен қойлым қойылды.

. Ахмет Байтұрсыновтың мысал өлеңде ақын жануарлар, құстар өсімдік, арқылы адам тән қасиеттерді, сол арқылы адам бойындағы жаман қылықтарды кемшіліктерді сынайды

Ақын, ұстаз, ірі қоғам қайраткері, ағартушы ұстаз Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жылдығына орай «Ахмет Байтұрсынов және қазақ қоғамы» атты тарихи сағат өтті. Оқырмандарға ақынның өмірін үлгі ете отырып, өз еліне деген сүйеге тәрбиелеу мақсатында « Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов» кітап көрмеге тоқталып, маса кітабындағы өлеңдері

оқылды.

2 сәуір Халықаралық балалар кітаптар күніне орай «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем» кітап көрме ұйымдастырылы, Кітап көрме әйгілі ертекші Ханс Кристиан Андерсеннің шығармаларынан бастау алды. Қазақ балалар әдебиеті классиктерінің ең үздік туындыларын ұсынды. «Кітап асыл қазынам» оқылған кітаптар бойынша сұхбат өткізілді.

Қазақтың дана перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғаннына 123 жыл толуына «Қазақтың Қанышы» атты кітап көрме, отбасы суреттерінен коллаж ұйымдастырылды. Мақсаты: Аса көрнекті ғалым, геолог, мемлекет қайраткері, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушы әрі оның тұңғыш Президентінің қалдырған ғылыми мұралары мен оқушыларды таныстыру.

Мектеп кітапханасы жоғары сынып оқушыларына қазақ жазушыларының тарихи тұлға ретіндегі шығармалары бойынша "Тарихи романдар», «Қазақ қаламгерлері" атты кітап көрмесін дайындалып . Көрме «Тарихи романдар», «Қазақ қаламгерлері» қалалық акциясы аясында ұйымдастырылды.

Көрме мектеп кітапханасының оқырмандарына алтын Қазақ әдебиеті жазушыларының шығармашылығының қызықты беттерімен танысуға көмектеседі. Кітап көрмесіне барлығы 10 дана тарихи кітаптар қойылды. Оқырмандар өздері үшін патриоттық және моральдық сезімдерді ұнататын және қозғайтын кітап таба алады

Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқы және өзгеге ұсын!» тақырыбында «Буккроссинг» кітап алмастыру шарасы үздіксіз ұйымдастырылып отырады. « Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында әр сәрсенбі сайын « 20 минут» кітап оқу, «Ұйқы алдыңда отбасымен оқу» жобасы үнемі оқылады.

«Оқы және өзгеге сыйла»атты буккроссинг бұрышы ұйымдастырылған. Өзіңіздің сүйіп оқыған кітабыңызды басқа да оқырмандармен бөлісіп, оларға да түрлі жанрдағы кітаптарды оқуға мүмкіндік беру. Мектеп кітапханасындағы кітап қорын молайту және байыту. «Bookcrossing» қазақшаға аударғанда «кітап сыйлау» немесе «кітаптың айналыста жүруі» деген мағынаны білдіреді. Үйлеріңіздегі оқып болған кітапты алып келіп орнына оқымаған кітаптарыңызды алуларыңызға болады. Буккроссингті алғаш ойлап тапқан ғалым Рон Хорнбекер. "Оқы және өзгеге сыйла"атты буккроссинг акциясы мектеп кітапханасында мұғалімдер мен оқушылардың ат салысуымен өткізіледі

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқы, талқыла суретте» мақсаты :Оқу мәртебесін, оқу сауаттылығын және оқу сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту. Алдымыздағы оқу жылында жұмысымыздың бір саласы – әр кезде жарық көрген жақсы шығармаларды көпшілік арасында кеңінен насихаттау, олардың кейбір ерекшеліктеріне баса назар аударып жаңарту жолдарында жұмыс жүргізу, оқырмандармен жұмыс жүргізу, оқырмандардың кітапханаға деген көзқарастарын қалыптастыру.

Білімге ұмтылған оқырманның табылар жері – кітапхана. Кітап оқу жан дүниемізді байытады, жаңа технология заманында да кітап адамның ой – өрісіне ықпал жасап, рухани азығы болып қала бермек. Қазіргі заманға сай оқырмандардың ойын ұшқырлайтын іс –шаралар ұйымдастыру. Оқудан қол үзбейтін оқырмандарды көбейтіп, оқу –тәрбие жұмысына ықпал етуге еңбек ету. Оқу жылының басында оқулықтар таратылып, оның жыртылып бүлінбеуін қадағалап тұру.

25-қазан Республика күніне орай «Қазақстан Ұлы Дала елі, Тәуелсіздік» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып «Қазақстан еліне саяхат» патриоттық сағат өткізілді.

Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл «Биік таудағы муз айдын» Кітап көрме ұйымдастырылып, ақпараттық сағат өтті.

2022-2023 оқу жылында мектеп балансында тұрған даярлық пен 1 сынып жұмыс дәптерлерінің 2 сынып оқулығын, 5-7 сынып өзің өзі тану кітабын, барлығының құны 258475 теңге есептен шығарылды. Қыркүйектен бастап 52 дана көркем әдебиетпен толықтырылды. Биылғы оқу жылында даярлық топпен – 9 сынып оқушылары 100% оқулықтармен қамтылды. 2023 жылы газет-журналдарға мұғалімдер 100 % пайыз жазылды. Оқу жылының басынан кітапхана ішінде жоспарға сай шаралар өтуде.

Кітапхана қызметінің маңызды бағыты бұл көрме арқылы қорын ашу. Кітапханада әртүрлі мерейтойларға және атаулы күндерге көрмелер, бейнематериалдар, қойылады. 2022-2023 оқу жылында 1 қыркүйек «Кел балалар оқылық» әліппемен қауышу бейнематериалы кітап насихаттау инстаграм желісіне салынды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендейінің берік негізі» атты кітап көрме ұйымдастырылды. «Менің сүйіп оқитын кітабым!» оқушылар демалыс кезінде кітап оқып бейнематериал түсірілді. «Әлихан Бокейханның туғанына-155жыл» арналған оқулықтарды 6-7 сыныптарына оқылды сайыс өткізілді, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу. «Үздік оқырман».

Сырбай Мауленовтың туғанына 100 жыл «Сырбайдың сырлы әлемі» Мектеп кітапханасында Қазақстанның халық ақыны Сырбай Мәуленовтың туғанына 100 жылуына «Сырбайдың сырлы әлемі» көрме ұйымдастырып, мәнерлеп өлеңдері оқылды. Шара барысында ақынның кітаптарына шолу жасалынып, өмір баянына тоқталып өтілді . «Туған жер», «Қыс», «Мектеп», өлеңдері оқылды. Мақсаты: оқушыларға ХХ ғасыр әдебиетінің өкілі, қоғам қайраткері ақын Сырбай Мауленовтың туралы толық ақпарат беру, шығармашылық қабілеттерін артыру.

Ғалым –энергетик, техника-ғылымдарының докторы, Қазақстан ҒА-ның академигі Ш.Ш.Шокиннің туғанына 110 жыл толуына орай «Ғалымның

шырағы» кітап көрме ұйымдастырылып, ақпараттық сағат өтті. Оқушыларға өзіміздің жерлесіміздің кітаптарына шолу жасылынды. Ш.Шокин 170 тен астан ғылыми еңбектердің авторы. Нгізгі еңбектері энергетика және су шаруашылығының болашақ дамуы мен отандық энергетиканың баланс мәселеріне арналған «Октябрь Революциясы», Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, бірнеше медальдарымен марапатталған жайында оқушыларға ақпарат берілді.

Мектеп кітапханасында Мәншүк Маметоваға арналған көрме ұйымдастырылып, көрмемен таныстырылды. Аты аңызға айналып, ерлік ісі барша ұлтты таң қалдырып, есімі тарих беттерінде алтын әріппен өрнектелген ерліктің мәңгі алауын жаққан қазақтың қызы Мәншүк Маметова жарқын өмірі және Ұлы Отан соғысындағы ерлік істерін ұрпаққа үлгі етіп, өнеге ету мақсатында. Оқушыларға сұрақтар қойылылды. 4 сыныпқа Мәншүк Мәмбетованың туғанына 100 жыл «Қазақтың батыр қызы»

Ұлттық Валюта күніне орай мектеп кітапханасында «Ұлттық валюта тарихынан атты танымдық сағат өткізіліп, кітап көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: Қазақстанның ұлттық ақшасының пайда болу тарихы, өз ұлттық ақшасының пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай кімдер жасағаны туралы мағлұмат берілді.

Жазушы М.Әуезовтың туғанына 125 жыл «Ұлылар елдің ұстазы» кітап көрме, «Көксерек» хикаяттынан үзінді Мақсаты: Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен жазушылық қызметінен, шығармашылығынан мағлұмат беру. Жазушының әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы, қазақ елінің мақтанышына айналған заңғар жазушыны құрметтеуге, оқушыларды елін сүйуге, әдебиетті білуге тәрбиелеу. «Көксерек» — адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсететін шығарма.. Бұл әңгіме 1929 жылы жазылған. Әңгімеде қасқыр, табиғат, адам мәселесі сөз болады, жаратылыстағы адам мен табиғат теңдігінің қатынас дәрежесі көрсетіледі. Адамдар табиғаттың өз заңдылығына қарсы шығып, қасқырлар мекенін ойрандап, оның күшігін енесінен айырып, ауыл тұтқыны етті. Бірақ қасқыр есейген сайын бостандықты сағынады. Ауыл тұрғындары Көксеректі жақтамай тұғын .

16 Тәуелсіздік күніне «Тәуелсіздік ата бабам аңсаған» кітап көрме, тарихи сағат. Көрмеге, сөз ұстаған шешендер мен билерімізден қалған нақылдар, тарихи жәдігерлер, «Қазақ хандары» тақырыбымен тарихымызда еліне қорған болған хандардың өмірі туралы әдебиеттер, «Халық қазынасы» тақырыбы бойынша, Қазақстандағы тарихи, мәдени ескерткіштер, қазақ халқының салт-дәстүрлері, қолөнер, әдебиеттерден көрме жасалынды.

Тәуелсіздік жылдарында баспадан шыққан әдебиет туындыларын насихаттауға бағытталған. Тақырыпқа байланысты ұйымдастырылған кітап көрмесі Оқушылар «Мәңгілік қазақ Елі», «Отаншылдық», «Елжандылық» туралы өлеңдер оқыды. 5-9 сынып оқушылары қатысты.

Мектеп кітапханасында 20 желтоқсан күні сағат 10.30 - 10.40 сағаты «Тұлпар мініп ту алған» атты интеллектуальды сайыс өтті. Сайысқа қатысушылар алдымен топқа бөлінді . Сайыс 4 бөлімнен болды.

сайыскерлерге 2022-2023 жылғы оқу жылындағы Сайысымыз 4 бөлімнен

тұрады. Сайыскерлер өз топтарын таныстырып, «Әдебиет әлемі» атты бөлімде шағармаларды тапса, «Сахна тарландары» бөлімдерінде сахналық көрініс қойса, сонғы бөлімде сұрақ жауаптарға жауап берді. Сайыс сонында қатысқан топқа сый сиапат жаса Мектеп кітапханада Қазақстанның халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың өмірі мен шығармашылығына арналды. «Махаббат қызық мол жылдар» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, танымдық сағат өтті. Кітап көрмесінде оқырман қауым Ә.Нұршайықовтың журналистік, шығармашылық қызметімен жақын танысуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ көрмеде мерзімді басылым беттерінде жазушы туралы шыққан материалдар ұсынылған.

Мектеп кітапханасында 16 қаңтар күні Ұлы Отан соғысының ардагері Жылбек Ағаділовтің туғанына 110 жыл толуына орай «Отан үшін от кешкен» атты кітап көрме ұйымдастырылып, ерлік сағаты өткізілді. Іс-шара барысында Жылбек Ағаділовтің өмірбаянымен, партизанның отбасымен таныстырылып өтті. Жылбек Ағаділовтың өз қолымен жазға өмір баянды Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқасты. «Кекпен намыс жолында». Жылбек Ағаділов туралы презентация көрсетілді. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап отбасымен майданда шайқасты.

Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының 17-18 ғасырда өмір сүрген үш биінің бірі, қоғам және мемлекет қайраткері . Қазыбек би 1667 жылы Сырдария өзенінің бойында туған. Орта жүздің Арғын тайпасы, оның ішінде Қаракесек руынан шыққан. Табиғатынан зерек, алғыр бала білімді ортада кемелденген. Естігенін, көргенін зердесіне тоқып, шешендік қабілеті де ерте ашылған. Сол арқылы айналасындағыларды еріксіз елең еткізген. 17 ғасырдың 80-жылдары Қазыбектің есімі кеңінен тарай бастады. Уақыт өте келе, Қазыбек би қазақ хандығының өміріне, ішкі-сыртқы саясатын анықтауға, қоғамның бейбіт дамуын қамтамасыз етуге зор ықпал етті. Қазыбек би 1764 жылы 97 жасында Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында дүние салды. Ұлының ұлылығын тереңнен түсінген замандастары оны киелі жер – Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жерледі. Қаздауысты Қазбек би», «Қазақтың шешендік өнері» т.б. кітаптар мен мерзімді басылымдардағы Қазыбек би туралы мақалалармен таныстырды.

Мектеп кітапханасында «Ауғанстан менің жүрегімде» атты көрме ұйымдастырылып, кітаптарға шолу жасалынды, 1979-1989 жылдар аралығында біздің Кеңес әскері Отан алдындағы азаматтық борышқа жерінде болды. Ауған соғысына аудан, облыстанда аға-әкелеріміз қатысқан жөнінде ақпарат берілді. Іс-шара барысында оқушылардың патриоттық сезімге, еліміздің тарихын білу және құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында. 5-8 сыныптар

Мектеп кітапханасында наурыз айында «Нұр наурыз – алық тойы» атты кітап көрме ұйымдастырылып, Қазақтың салт-дәстүрлері, Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, Қазақ-халқының киім кешіктері, кітаптар насихатталды. Наурыз Ұлттық дәстүріміз бойынша өтетін Наурыз мерекесінің

ерекшелігін, табиғатпен адамның байланысып, салт –дәстүрін Қазақтың әдеп-ғұрыпын, тіліміз бен дініміз құрметтеуге, имандылыққа тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасында Наурыз мерекесіне орай ұлттық нақышты кітап көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының салт-дістүрлерін, әдеп ғұрыптарын кейіннен насихаттау мақсатында.

Мұрат Әуезовтың туғанына 80 жылдығына орай оқушыларға библиографиялық шолу жасалынды. Мақсаты: оқушыларды Мұрат Әуезовтің өмірбаяны және шығармаларымен таныстыру. Заңғар жазушы, қазаққа «Абай жолын» сыйлаған Мұхтар Әуезов өзі ғана емес, ұл-қызын да ұлтқа қызмет етуге тәрбиеледі. Қаламгердің ұлы Мұрат Әуезов мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде танылды. Ол Қазақстанның және халқымыздың рухани мәдениетін дамытуға, Орталық Азия халықтарының тарихи-мәдени құндылықтарын зерделеу мен насихаттауға өлшеусіз үлес қосты. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапхана төрінде өткен шарада тектінің тұяғы, ел үшін аянбай еңбек еткен азамат- Мұрат Мұхтарұлын өмір жолы балаларға үлгі етілді.

Халықаралық кітап сыйлау күніне «Кітапханаға кітап сыйла» акциясына қазақ тілі әдебиетінің ұстазы Сабданбекеова Г.Т «Е.Төлеутайдың «Баянауылдың дәстүрлән өнері», «Халықаралық қатынастар және саяси лексика» сөздігі кітаптарын сыйлады. Мектеп түлегі Марат А.Д. Л.Т.Жүнісбекованың «Алаш аты мәңгілік», «Мәшһүр Жүсіп және дін қағидаттары» Ә.Пазыловтың. 4 сынып оқушысы Қасқатай Абай «Қарашығымдағы бейнелеу» А.Қани, «Бір ғұмырымдың бояуы» Серік Елікбадың кітаптарын сыйлады.

Мектеп ұстазы Байдельдина Анар Ганиденовна мектеп кітапханасына кітаптар сыйлады «Даланың дархан дүлділі», «Сұлтанмахмұт» энциклопедиясы, «Жастық шақта жалында», өлеңдер жинағы. «Әл-Фараби ақыл мен ғылым туралы кітаптарын сыйлады

Мектеп кітапханасында 5-9 сыныптарға Ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы. Арғын тайпасы Сүйіндік руы Күлік бөлімінен шыққан Мәшһүр-Жүсіп араб және парсы тілдерін жетік білгенімен қоймай, көп тілді білген ғұлама. Ғұлама Мәшһүр Жүсіптің туғанына 165 жылдығына «Мәшһүр Жүсіп ұлы ұстаз» атты кітап көрмеұйымдастырылып, көрмеге кітапхана көрйындағы кітаптар қойылды. Оқушыларға кітаптарға шолу жасалынып, Мәшһүр Жүсіптің өмір баянымен шығармаларына тоқталып өтілді.

Дүниежүзлік кітаптар және авторлық құқық күніне орай 17-21 сәуір аралығында «Кітап сыйла» атты акциясына мектеп оқушылары қатысты. Жұмақан Аружан, Қайырбекова Диана 6 сынып оқушылары, Жумаканова Асем, Жұмаканова Айым 8 сынып оқушы «Кітапханаға кітап сыйла» атты акция аясында мектеп түлегі, Павлодар қаласының маслихат депутаты Кожин Қобланбек Нұрмқаханұлы кітапханаға М.Әуезовтың «Абай жолы», І.Есенберлиннің «Алтын орда» «Көшпенділері триологиясы», «Алмас қылыш», «Қаһар», «Жанталас», «Батырлар жыры» 1,2 том, «Қазақ ертегілер» 1-2 том кітаптарын сыйлады. Осы кітаптарды оқушыға насихатталды,

Көктемгі каникулда кітап оқимыз «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Республикалық «Буктрейлер» байқауына 6 сынып оқушысы Жұмақан Аружан Марк Твен «Том Соердің басынан кешкендері», 8 сынып оқушысы Райымбекова Сағыныш Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» кітапбына буктрейлер жасап байқауға қатысты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасын жандандыру мақсатында ұйымдастырылған «КАНИКУЛ ДА КІТАП ОҚИМЫЗ!» марафонына қатысып, белсенді кітап оқып Алғыс хаттармен марапатталды. «КАНИКУЛ ДА КІТАП ОҚИМЫЗ» марафонын екінші турына Саябек Акімбек өтіп Алғыс хатпен марапатталды. қатысып

Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл «Биік таудағы муз айдын» Кітап көрме ұйымдастырылып, ақпараттық сағат өтті.

Филология ғылымының докторы, проф. Әбділда Тәжібайұлы Тәжібаев туғанына 115 жыл «Толағай» әдеби ертегісіне шолу.

Биыл ұлтымыздың ұлы перзенті. XX – ғасырдың ұлы тұлғасы, Қазақ КСРО академигі, Қазақ ССР Ғылым академиясының бірінші президент Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай «Қаныш Сәтбаев Планетарлық деңгейдегі тұлға» фильм көрсетіліп «Қазақтың қайратты Қанышы» атты кітап көрме ұйымдастырылды

1 наурыз Алғыс айту күніне орай «Алғысым шексіз» атты кітап көрме ұйымдастыр, оқушылар өздерінің жылы лебіздірін білдірді. Игі іст өскелең ұрпағымызға үлгі болсын деген мақсатта жасалып жатыр. Алғыс айту күні – бұл ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестіу, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Іс – шара барысында оқушылар күн арылы ата –аналарына достарына жер су, ата –әжелеріне алғыстарын білдірді.

15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына, 35 жыл толуына орай Ауғанстан менің жүрегімде" атты көрме ұйымдастырылып, ақпарат берілді. Ауған соғысы туралы ақиқатты жас ұрпаққа жеткізу, интернационалдық борышын өтеу жолында жерлестеріміздің ержүрек ерліктерін дәріптеу мақсатында «Ауған соғысының жаңғырығы» атты кітап көрмесін ұйымдастырды

“Төрт тоқсан - төрт өнер” ұлттық мәдени - ағартушылық жобасының

тұжырымдамасын орындау мақсатында оқушыларға „ Бізді ақылды ететін кітап дана” кітаптар керуені ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/CxNt7ueN-rY/?igsh=Z2h5ZzYyYTh4YmNr>

„Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында „Мен оқыған бір кітап” мәнерлеп оқу 4 сынып оқушысы Қуан Рауан

<https://www.instagram.com/reel/C2iFpfRNYOo/?igsh=emdibTY4MjZ3NGx6>

„Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында „Мен оқыған бір кітап” мәнерлеп оқу 2 сынып оқушысы Қабдолла Перизат

<https://www.instagram.com/reel/C2drnPnos3P/?igsh=b28zdHVudGhsb3Vk>

Жазушы, балалар әдебиетінің классигі , 2024 жыл 100 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін Бердібек Соқпақбаев „Бір ел - бір кітап” 2024 жыл акциясы аясында шығармаларын оқуға шақыру

<https://www.instagram.com/reel/C2gc0EZOtEC/?igsh=MWRhZ2kycDM0b29haQ>

≡

„Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында даярлық сыныбының оқушысы Еркін Айзат „Қу түлкі мен аңқау жолбарыс” ертегісін әңгімелеуде.

<https://www.instagram.com/reel/C2urSjJNN7F/?igsh=MTNyMW55ampjY3J6NA>

≡

„ Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында әжесімен ертегі оқу.

<https://www.instagram.com/reel/C21xlKLt4St/?igsh=MXJkbXViMDMzcW80cA=>

≡

14 ақпан „Кітап сыйла” акциясына оқырмандарымызды белсене атсалысуға шақырамыз!

https://www.instagram.com/reel/C2_iygCtuXx/?igsh=MWZobW9kaXZnbXd5eg=

≡

„Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 93 жыл толуына орай „Мұқағали - мәңгілік ғұмыр” кітаптарын оқуға шақыру.

<https://www.instagram.com/reel/C3ADEpON3lp/?igsh=MTNIZmFwc3c1NDdrZg>

≡

Қазақстан Республикасының халық жазушысы Әбділда Тәжібаевтың туғанына 115 жыл толуына орай „Өмірім өлеңім” кітаптарына шолу жасалынды

<https://www.instagram.com/reel/C3AD064tIiz/?igsh=OTQ5cjdldnpnM3lz>

„Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында 1 сынып оқушысы Жапар Аяжанның әжесі ертегі айтуда.

<https://www.instagram.com/reel/C3B-dq5o2QU/?igsh=MWxuOXpueW9iZjY5dQ==>

„ Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында „Оқы, талқыла, суретте” 4 сынып оқушылары.

<https://www.instagram.com/reel/C3EIFVDoqA1/?igsh=MWQ5aXEyOHIOeHJtdQ>

≡

„Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында даярлық сынып оқушысы Сағындықов Алдияр әжесімен бірге ертегі оқуда.

<https://www.instagram.com/reel/C3FPKM4tCEk/?igsh=MTgzcmh4eHR6aTBjNg=>



Актер, режиссёр, халық әртісі Шәкен Аймановтың туғанына 110 жыл толуына орай „Қазақ киносы мен театрының шоқ жұлдызы” атты кітап көрме ұйымдастырылып, өмірімен кино фильмдері мен таныстырылды

<https://www.instagram.com/reel/C3Plq3KN0vw/?igsh=MXFkMnFsbGkwYmJ4Yg>



1 сынып оқушыларының “Түлкі мен ешкі” ертегісінің сомдауы

<https://www.instagram.com/reel/C3RThCRoCps/?igsh=c2lmcWQ0cjMycnU0>

14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күніне „Кітап сыйла” акциясы аясында мектеп түлегі Қабділәшім Еламан мектеп кітапханасына жеке кітап қорына төмендегі кітаптарды сыйлады:

- 1.Ш.Айтматов Тау құлаған
- 2.С.Рахметұлы Түске оранған күз
- 3.А.Алтай Дегелеңдегі қызыл күн
- 4.Баянауыл басынан...
- 5.Б. Бөжен Ел-тұғыры
- 6.А.Ақмәдиұлы Айжанар
- 7.М.Кенжебай Ақпан
- 8.Е. Зейіпхан Дүние ғапыл
- 9.А.Жұмажанұлы Балапан қыз
- 10.Ө.Озғанбай, К.Бекмағанбет отты жылдар
- 11.Мұқағали шығармалары
- 12.Л.Қоныс Мәңгілік сағыныш
- 13.М. Мұқибек Мөлдір
- 14.С.Жылқыбаев құдіретпен тілдесу
15. М.Шәріпқызы Ой – өрнек
- 16.Т.Бейісқұлов Жалған жаланың құрбандары
- 17.Қ.Қалменов Баукеннің шарапаттары
- 18.К.Камзин Біздің ауылдың жігіт
- 19.А.Жұмажанұлы Шиыр шерткен сыр
- 20.М.Мақатаев Соғады жүрек
21. А. Әлімұлы Махамбатым менің
- 22.Ж.Ахмади Бата ұлттың шырайы
23. Л. Йамұхаммедқызы Әкесіз көктем
24. Қ. Жарықбаев Ә.Табылдиев Әдеп және жантану
25. К. Кеніш Жақсы сөз жарым ырыс
26. Насреддин Хожа 200 әзіл.

<https://www.instagram.com/reel/C3UzMpCNEdC/?igsh=ODJ0MzQxcmRkeWg1>

15 ақпан 10жылға созылған сұрапыл соғыс Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 35 жыл толуына орай „ Ауғанстан менің жүрегімде” атты көрме ұйымдастырылып ақпарат берілді.

<https://www.instagram.com/p/C3XQCAxt6X-/?igsh=YndpNXBrNHoyMDlv>

Тоғыз айға тоғыз шара аясында “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында ертегі оқып сахналау.

<https://www.instagram.com/reel/C3pbzD2tvtW/?igsh=MWZpc2Z5Nzc1MHljMw=>

≡

Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай кітап көрме ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/reel/C4Z30fSN4ex/?igsh=a2w3bGExazh4bnpn>

“Тоғыз айға 9 іс-шара” атты тұжырымдамасын іске асыру мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Республикалық ғылыми -педагогикалық кітапхана қолдауымен 2024 жылдың 28-ші ақпан күні “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Менің сүйікті кітабым” республикалық челленджі бастау алғаны белгілі. Челлендж Әбіш Кекілбаевтің “ Шыңырау” повесін жолданған болатын.

Бүгінгі күні Лекер негізгі мектебінің оқушылары Ә. Кекілбаевтің “Шыңырау” кітабын оқып талқылауда.

https://www.instagram.com/reel/C4c_CixtloL/?igsh=MThkb3RtcHJzYXl2

Мектеп оқушыларымен «Үнемі оқитын адам табысты Адам» тақырыбында ақпарат сағаты өткізілді. Бұл іс-шараның мақсаты: жасөспірімдерге адамның интеллектуалдық және тұлғалық қасиеттерін дамытудағы кітаптың рөлін көрсету. Кітапханашылар заманауи кітап оқитын адам, табысты, білімді, мәдениетті болатын түсінік берілді. Бос уақыттарында кітап оқу, кітап оқитын адам бейнесі, кітап оқу құндылықтардың негізі болып табыла ма, соны сөз етті. Ақпарат ғасырында кітап деген не және оқу табысқа қалай әсер ететіні сөз етті.

<https://www.instagram.com/reel/C0vqZJWNRyI/?igsh=MW5xNWZjZjRkMTZ1NA==>

Лекер мектеп кітапханасында „Дарынды балалар арналған Абай атындағы гимназия " кітапханашысы Кенжетева Гүлзия Егеубаевна , қазақ тілі пәнінің мұғалімі Жумабаев Дархан Маратұлы, аудан кітапханашышылар қазақ тілі пәнінің мұғалімі „Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында өздерінің атқарып жатқан іс- тәжірибелерімен бөлісті. Мектеп кітапханашысы А.С.Сулейменова мен қазақ тілі пәнінің мұғалімі Г.Т. Сабданбекова „Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында „Ұйқы алдында отбасымен оқимыз", „Оқы, талқыла, суретте" тапсырмалар беріп келген кітапханашылар қатысты. Тәжірибей алмасу сонында „Ұшқан ұя" Б.Момышұлының шығармасы бойынша „Квест" ойынны өтті.8-9 сынып оқушылары қатысты

https://www.instagram.com/p/C0ZP_53NQ-Q/?igsh=MWpmbnViNDhta2VkcA==

“Оқуға құштар мектеп” жобасын іске асыру мақсатында мектеп оқушыларының қысқы демалысы кезінде “Қыста кітап оқимыз, жанымызға тоқимыз” іс-шара жоспары бойынша 7-сынып оқушыларының Абай таңдамалы шығармалары мен қара сөздерін оқу сәті

<https://www.instagram.com/reel/C1quFrJNhV7/?igsh=aWk2eHR6eHQ4Ynh6>

„Оқуға құштар мектеп” жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде „Қыста кітап оқимыз, жағымызға тоқимыз” атты іс- шара жоспары бойынша

<https://www.instagram.com/reel/C1q6RhNIvI/?igsh=MWFxNjhmdGwzd2E4Ng==>

≡

<https://www.instagram.com/reel/C1rQtCnt0YY/?igsh=d2VseXZkd3Q4ZzFt>

<https://www.instagram.com/reel/C1tiCPtNAXX/?igsh=MW9zeW4yZzJocW44OQ>

≡

<https://www.instagram.com/reel/C1uXZiatZjx/?igsh=ZTZhaDF5Z2NsYTlm>

https://www.instagram.com/reel/C1v1Kg_tsi8/?igsh=MXY5OXNoOWd4dW15dQ

≡

<https://www.instagram.com/reel/C1yd3qkNWø8/?igsh=MW1hbnU2bnNzOHbvM>

g==

<https://www.instagram.com/reel/C1yeja-tMrJ/?igsh=MXFjYzZvZGprZ20zaQ==>

<https://www.instagram.com/reel/C1yly3Dtlyd/?igsh=Y2dqM3lnOG1hY3o4>

<https://www.instagram.com/reel/C103A07NctE/?igsh=MTVnd3k4a3JrNDNocw==>

„Бір ел - бір кітап” 2024 жыл республикалық акциясы аясында оқуға жазушы балалар әдебиетінің классигі , 2024 жыл 100 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін Бердібек Соқпақбаевтың оқуды бірауыздан қолдады . Сонымен бірге „Бір ел - бір кітап” 2024 жыл акциясы аясында жыл бойына ел болып қазақ прозасына ғажайып сыр сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқуға шақырамыз

<https://www.instagram.com/reel/C19DrNxtc47/?igsh=NnQ4eDNjOGU0aTNz>

Жазушы, балалар әдебиетінің классигі , 2024 жыл 100 жылдығын ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін Бердібек Соқпақбаев „Бір ел - бір кітап” 2024 жыл акциясы аясында шығармаларын оқуға шақырамыз.

https://www.instagram.com/reel/C1_wvJ2t171/?igsh=dW52YWJtczg3bnEy

Қазақтың әйгілі кескіндемеші график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі Әбілхан Қастеевтің туғанына 120 жыл толуына орай „Биік таудағы муз айдын” ақпараттық сағат өтті.

<https://www.instagram.com/reel/C2KrBy3tpO2/?igsh=NTR6dTRmd3U1Ym0x>

Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай оқушыларға “Ұлт мақтанышы Қаныш Сәтбаев” атты тәрбие сағаты өтті.

Сабақтың мақсаты: алғашқы академик, көрнекті ғалым ,қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаев жайлы мағлұмат беру.

<https://www.instagram.com/reel/C2Ms2gENhgc/?igsh=c2xveXd5amsxYjlj>

